

Түсінік хат.

Мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Сондықтанда баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан–жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ертегіні түрлі театрмен көрсету арқылы (фланелеграф театры, конус театры, көлеңке театры, саусақ театры, қуыршақ театры, үстел үсті театры) балалардың шығармашылық және парасатылық қабілеттерін жан - жақты дамыту. Сонымен қатар сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Театрлық іс - әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.

Әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып, вариативтік компонентке адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болатын шығармалар енгізілді.

Мақсаты:

Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту. Адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу. Есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Балалардың эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, үлкенлерге, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру. Кейіпкерлер арқылы жамандықтан бойларын алшақ ұстауға үйрету. Жақсылық жасау, мейірімді, бауырмашыл болуға шақыру.

Мерзімі: аптасына 1 рет, 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік, керекті құралдар
1	"Ғажайып әлемге" қош келдіңіз!	<p>Балаларға ертегі арқылы жақсылық пен жамандықты ажыра білуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру.</p> <p>Ертегіні әр түрлі театр арқылы көрсету арқылы балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Балаларға ертегіні сахналауда, кейіпкерлердің қимыл - қозғалысын, мінез - құлқын, дауыс ырғағын салу арқылы өздерін көрсете білуге көмектесу. Түрлі театр: фланелеграф театры, конус театры, көлеңке театры, саусақ театры, қуыршақ театры, үстел үсті театрымен таныстыру.</p>	Ертегі суреттері, Түрлі театр: фланелеграф театры, конус театры, көлеңке театры, саусақ театры, қуыршақ театры, үстел үсті театры.
2	"Жыл мезгілі" ертегісі.	<p>Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.</p> <p>Табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді қалыптастыру. Жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын бекіту.</p> <p>Жыл мезгілдері туралы білімдерін жүйелеу, әр жыл мезгілі туралы ұғымдарын жетілдіру, әр мезгілдің ерекшеліктерін салыстырып айтып беруге жаттықтыру. Сөз тіркестері мен сөйлем құрау дағдыларын арттыру. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға үйрету. Ертегіні мәнерлеп оқу, түсіндіру.</p>	Сюжеттік суреттер. Жыл мезгілі суреттері.
3	"Ағайынды төрт қыз".	<p>Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, сөздік қорларын молайту. Берілген сұрақтарға нақты, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Жылдың төрт мезгілін айыра білу, сөз тіркестері мен сөйлем құрау дағдыларын арттыру.</p> <p>Табиғаттың әсем көрінісін қызықтай білуге, қоршаған ортаны сүйеге, қорғауға тәрбиелеу. Ертегіні конус театры арқылы мазмұндау.</p>	Ертегі суреттері, конус театры арқылы ертегіні тамашалау.

4	"Жыл мезгілі" ертегісінің қойылымы.	Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Балаларға жыл мезгілдері жайлы мағлұмат бере отырып дүниетанымын, ой - өрісін, сөздік қорларын дамыту.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.
5	"Үш торай" ертегісі.	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысна талдау жасауға, жан-жануарларға мейірімділік білдіруге, өзара көмектесуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу.	Ертегі суреті. Ертегі кітап.
6	"Еңбек түбі - береке".	Ертегі мазмұнын баяндай отыра, балаларға еңбек ете білуге шақыру. Жалқаулықтан бойларын аулақ ұстауға тәрбиелеу. Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. Ертегіні үстел үсті театры арқылы баяндау.	"Үш торай" ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.
7	"Бауырмашыл торай".	Ертегідегі жағымсыз кейіпкерлердің мінез - құлқын талқылау. Балалардан өз ойларын сұрау. Бауырмашыл болуға шақыру. Әрқашан досқа, бауырға қамқор болуға тәрбиелеу. Ертегіні балалардың өздерінен саусақ театры арқылы мазмұнын сұрау.	"Үш торай" ертегісін саусақ театры арқылы тамашалау.
8	"Үш торай" ертегісін сахналау.	Ертегіні сахналау арқылы қызығушылықтарын арттыру, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, рөлдерге бөліп ойнауға үйрету. Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.
9	"Ақымақ қасқыр" ертегісі.	Балаларға ертегіні тыңдата отырып мазмұнын түсіндіру. Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Ертегідегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін сурет арқылы көрсете отырып, қасқырды - ақымақ, ал қой, ешкінің үй жануары екенін айтып дүниетанымын кеңейту. Көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру.	Қасқырдың, қойдың, ешкінің суреттері, ертегі бойынша бейне таспа.
10	"Қой момын, алдауды қайдан білсін".	Балаларға ертегі туралы түсінік беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды –жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу, ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Сюжеттік суреттер, саусақ театры арқылы ертегіні көрсету.

11	"Қасқырды алдаған ешкі".	Ертегіні көлеңке театры арқылы тамашалату арқылы балалардың ертегі мазмұнын толық және жүйелі жеткізе білуге баулу. Сөздік қорларын молайту, ой - өрісін дамыту.	Қасқырдың, қойдың, ешкінің суреттері, ертегіні көлеңке театры арқылы көрсету.
12	"Ақымақ қасқыр" ертегісін сахналау.	Ертегі туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәнерін дамытып, сөздік қорын молайту. Балалардың сөйлеу мәдениетін сақтап сөзді байланыстырып сөйлеуді дамыту арқылы, өз ойларын, пікірін жеткізуге дағдыландыру.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.
13	"Үш қыз" ертегісі.	Ертегіні балаларға таныстыру, мазмұнын ашу, кейіпкерлердің тағдырына балаларды ортақтастыру арқылы олармен бірге қуанып, бірге мұңайып, ізгілік пен қайырымсыздықты айыра білуге үйрету. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.	Ана мен үш қыздың, өрмекші, тасбақа, ара, көкектің суреті.
14	"Анадан асқан жан бар ма!"	Көркем әдебиет шығармаларымен таныстыруда мінез - құлық этикеті мен мәдениеті дағдыларын бекіту. Балаларға ертегіні тыңдау арқылы, оның мазмұнын дұрыс жеткізуге бағыттау. Ата - анаға деген сүйіспеншілікке, махаббатқа, сұлулықты тани білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік суреттер. Конус театры.
15	"Мейірімді мұратқа жетеді".	Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы - жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір - бірімен қарым - қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.	Ана мен үш қыздың, өрмекші, тасбақа, ара, көкектің суреті. Фланелеграф театры.
16	"Үш қыз" ертегісін сахналау.	Ертегінің мазмұнын сахналау арқыналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сахналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бір - бірін сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.

17	"Ақшақар" ертегісі.	Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тындауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру. Жыл мезгілі ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту.	Сюжеттік суреттер, ата мен әже, ақшақардың суреттері.
18	"Ата мен әжейдің қуанышы".	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Өзге ұлт өкілдері шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру.	Ертегі суреттері, көлеңке театры.
19	"Ақшақар және достары".	Балаларға ертегіні қуыршақ театры арқыл мазмұнын түсіндіру. Ертегі кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс – тұрысына талдау жасауға, оларға баға беруге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Қамқор болуға, сыпайылыққа тәрбиелеу.	Ата мен әже, ақшақардың суреттері. Жыл мезгілінің суреті. Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету.
20	"Ақшақар" ертегісінің қойылымы.	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.
21	"Қоянның үйшігі" ертегісі.	Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.	Қоян, түлкі, ит, аю, әтештің суреті.
22	"Қу түлкінің айласы".	Ертегі мазмұнын үстел үсті театры арқылы түсіндіру. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз мінез - құлықтарын ажырата білуге тәрбиелеу. Адал болуға, қамқор және еңбек сүйгіштікке баулу.	Сюжеттік суреттер, үстел үсті театры.

23	"Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды".	Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтылуын қадағалау. Қимыл - қозғалыстарды көрсете білуді дамыту. Бір - біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжетпеуге тәрбиелеу.	Ертегі суреті, қуыршақ театры арқылы ертегіні тамашалау.
24	"Қоянның үйшігі" ертегісін сахналау.	Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Жақсы жаманды айыра білуге, достыққа тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің костюмі, атрибуттары.
25	"Жеті лақ және қасқыр" ертегісі.	Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекетіне баға беруге көмектесу.	Қасқыр, ешкі, жеті лақ суреті.
26	"Лақтарым менің, лақтарым".	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. Балаларды оқылған ертегі желісі бойынша ертегінің мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салуға бейімдеу. Ертегіні фланелеграф театры арқылы тамашалау.	Қасқыр, ешкі, жеті лақ суреті. Фланелеграф театры арқылы тамашалау.
27	"Анамыз келді, бізге сүт әкелді!"	Балалардың көркем шығарма арқылы тіл байлығын, ауызекі сөйлеуін дамыту. Ертегіні еске түсіру, сұраққа толық жауап беру. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Түрлі эмоцияларды дауыс ырғағымен жеткізуге баулу. Ертегіні үстел үсті театры арқылы сахналау.	Ертегі суреті. Үстел үсті театры.
28	"Жеті лақ және қасқыр" ертегісін сахналау.	Ертегі мазмұнын еске түсіріп, сұрақ - жауап арқылы хайуанаттар мінезі, дауыс ырғағы, өздеріне тән қасиеттері туралы әңгімелесу. Балалардың сөйлеу, есте сақтау қасиеттерін дамыту. Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау.	Ертегі суреттері, ертегі атрибуттары.

29	"Алма" ертегісі.	Балаларды ертімен таныстыра отрып, әдебиет кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс - тұрыстарын талдау кезінде оларға мейірімділікті, қайырылымдылықты білдіруді өзара көмектесу ережелеріне сәйкес баға беруге үйрету.	Қоян, қарға, кірпі, аю суреті.
30	"Дәмді алма".	Ертегі мазмұнын үстел үсті театры арқылы түсіндіру. Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз мінез - құлықтарын ажырата білуге тәрбиелеу. Адал, қамқор болуға баулу.	Ертегі суреті, саусақ театры.
31	"Әділ шешім".	Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін жаттап үйрету. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтылуын қадағалау. Қимыл - қозғалысын көрсете білуді үйрету. Бір - біріне қиын жағдайда көмектесуге тәрбиелеу.	Конус театры арқылы ертегіні тамашалау.
32	"Алма" ертегісін сахналау.	Ерегіні әңгімелей білу, ертегіні сахналай білу дағдыларын, шығармашалық елестетуін, қиялын дамыту. Сөздік қорын молайту, тілдерін дамыту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Қоян, қарға, кірпі, аю атрибуттары.
33	"Ертегі әлеміне саяхат".	Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау. Өздері ұнатқан ертегіні экран арқылы көру. Әр түрлі театр арқылы мазмұндау. Ертегінің қойылымын қою.	Ертегіні экраннан көру, конус театры, үстел үсті театры, кейіпкерлердің атрибуттары
34	"Мен ертегіні жақсы көремін".	Балалардан өздеріне ұнаған ертегі бойынша ертегі мазмұнын сұрау. Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Сөйлеу мәнерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін бейнелей отырып, бойларына достық, мейірім, бауырмашылық қасиеттерін сіңіру. Балалардың жақсы көретін ертегіні фланелеграф театры арқылы мазмұндау. Балаларға қуыршақ театры арқылы ертегіні ойнату.	Ертегі суреттері, фланелеграф театры, қуыршақ театры.

35	"Менің сүйікті кейіпкерім".	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету. Барлық ертегіні сурет арқылы қысқаша түсіндіре отырып, әр ертегідегі жағымсыз кейіпкерлерді конус театрымен көмегімен көрсету және оларды жақсылық жасауға шақыру.	Сюжеттік суреттер, конус театры.
36	"Ғажайып әлем".	Ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Дыбыстарды түрлі екіпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту. Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. Таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.	Ертегі суреттері. Барлық театр түрлері.